

### Мамандық бойынша тест: 1-пән

1. Ғұлама Анахарсис, антик философы Солонның досы болған .... тайпаның өкілі:

- A) скиф
- B) үйсін
- C) ғұн
- D) қыпшақ
- E) қаңлы

2. Атақты «Қорлан» әнінің авторы:

- A) Жаяу Мұса
- B) Естай
- C) Ақан сері
- D) Сегіз Сері
- E) Біржан сал

3. «Гильгамеш туралы» жыр тиесілі өркениет:

- A) қазақ
- B) үнді
- C) түрік
- D) шумер
- E) парсы

4. Ежелгі түріктер үшін қасиетті болған түсті атаңыз:

- A) кара
- B) қызыл
- C) жасыл
- D) ақ
- E) сары

5. Мұсылман бес парыздарының қатарына кірмейтін ұғым:

- A) намаз
- B) рамазан
- C) хадж
- D) пасха
- E) зәкет

6. «Тарих-и-Рашиди» атты шығарманың авторы:

- A) Махмуд Кашқари
- B) Ахмед Яссауи
- C) Жүсіп Баласағұн
- D) Ш.Уәлиханов
- E) Мұхаммед Хайдар Дулати

7. Киіз үйге кірмейтін бөлім:

- A) ошақ
- B) кереге
- C) туырлық
- D) шаңырақ
- E) уық

8. Бекет-Ата, Шақпақ-Ата, Шопан-ата мешіттерінің орналасқан жері

- A) Солтүстік Қазақстан облысы
- B) Ақтөбе облысы
- C) Шығыс Қазақстан облысы
- D) Манғыстау облысы
- E) Павлодар облысы

9. Қазақтың ұлттық ойындар мен салт-дәстүрлерін алғашқы болып зерттеген атақты қазақ этнографы:

- A) З.Наурызбаева
- B) Ш.Уәлиханов
- C) Е.Тұрсынов
- D) С.Қондыбай
- E) М.Әуезов

10. Қазақстан жеріндегі ортағасырлық қалалық мәдениеттің орталықтары:

- A) Орынбор, Орал
- B) Бұхара, Қоқан
- C) Ташкент, Шымкент
- D) Отырар, Яссы
- E) Герат, Бағдад